

Лисаков қаласы әкімдігінің  
білім бөлімінің «№3 орта мектебі» КММ

Баяндама:

**Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың жаңашыл көзқарасы.**

Кубенова Гульнара Жұмабековна

бастауыш сынып мұғалімі

Лисаков қаласы 2018 жыл.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі мерзімге арналған білім беру ісін дамыту тұжырымдамасында отандық білім беруді жетілдіру мен оның әлемдік білім беру аясына ықпалдасуын басты бағыттары белгіленген. Соған байланысты алған білімі мен біліктілігі негізінде бүгінгі өзгермелі өмірді еркін бағдарлай алатын, өзін-өзі дамытып, өз бетінше дұрыс шешім қабылдай алатын тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылады. Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2021 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы бекітіп, онда білім беру сапасын қамтамасыз ету, соның ішінде басқаруды жетілдіру негізгі міндеттердің бірі саналды. Бұл өзекті мәселенің өз дәрежесінде шешімін табуына Елбасы, бүкіл қоғам, Үкімет көңіл бөліп отыр [Білім технологиялары №4, 2011ж.]

Бұрын дәстүрлі сабақ берген кезінде оқушылар тек қана кітап көлеміндегі дайын ақпаратты ғана пайдаланып, алынған білім оқушылардың жинақталған өзге білімдерімен тиімді сіңісе алмайтын, сондықтан алған білімдері мән-мағынасы терең меңгерілмей жатқанды түрде болатын, алған білімдерін өмірде пайдалана алмайды, сабақтар өткізгенімде көбіне өзім сөйлеп, берген сұрақтарыма қысқа ғана жауап алып, кей бала елеусіз қалып отыратын. Замануи сабақтың өзгешілігі бала өзі ізденіп дәлелдейді. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бақыттаушы, ұйымдастырушы болып табылады. Білімдегі жаңа тәсілдер арқылы оқушының пәнді қалай түсініп, осы алған білімдерін сыныптан тыс жерде кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуге үйретеді. Яғни оқушылар өз бетімен еркін ойлай алатын, қандай күрделі мәселелерді болсын шеше алатын тіпті өткен оқиғаларды талдап, екі пікір туған жағдайда біреуін тандауға, саналы шешім жасауға үйрену қажеттігі, қазіргі заманның талабы Қазіргі болып жатқан саяси – экономикалық, мәдени – әлеуметтік өзгерістер халыққа білім беру ісін жаңа сатыға көтеруді талап етіп отыр. Осыған орай жаңа кезеңдегі озық педагогикалық және әдістемелік идеяларды ой елегінен өткізіп бүгінгі заман талабына сай, біршама өзгерген және жаңа жағдайларды қолдану ерекше маңызға ие. Сол себепті болып жатқан білім беру, саласындағы өзгерістерге, қоғам сұранысына байланысты жоғары мәдениетті білімді, де білікті жеке тұлға қалыптастыру бүгінгі күнде өзекті мәселе. Ең алдымен біз оқушылардың психологиялық ұстанымдарын ескере келе, сыни ойлауды дамыта отырып, ақпараттық , құзыреттілігін дамытуға бағытталған , білімнің мазмұндық функцияларын, ақырғы нәтижеге бағыттай оқыту сапасын арттыруға тырысамыз. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан ерекшелігі - жеке, топтық жұмыстар әзірлеу, эссе, бақылау жұмыстары, әртүрлі кесте, модельдер жасап қорғау, дискуссия, пікір алмасулар сияқты танымдық – рефлексиялық әрекеттер

арқалы оқушылар өздері үшін маңызды болған мәселелер туындайды. Сыни тұрғыдан ойлау – бұл біздің ғасырда дамуымызға мүмкіндік беретін ерекше қабілет сабағымда жаңа әдіс- тәсілдерді қолданып отырғанымда байқағаным, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білімге деген құштарлықтары, жасаған жұмыстарына талдау жасап, өз ойларын ойлап қорытындыға келеді. Орындаған тапсырмалардан кейін мадақтап, мақтап, әр оқушыға көңіл бөліп отырған жөн. Жалпы сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойыды, дәлелдейді, талдайды, мағынаны ашу, анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, жаңашыл идеялар мен келешекке ашық болады. Осы жаңа әдіс тәсілдердің тиімділігі – оқушының құзыреттілігін арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым – қатынас орнайды, және оқушының өздігінен жан – жақты білім алуына жағдай жасалады, алған білімге сын көзбен қарап, пікір айтуға, алмасуға үйретеді, оқушының шығармашылық белсенділігін артады. Өзімнің жұмыс тәжірибемнен байқағаным, бұл жастағы балалар өте қиялшыл болады, мұны олардың өте көркем етіп әңгімеленген ертегілерді жалықпай тыңдайтындықтарынан байқауға болады. Бұл жастағы балалардың қызығушылығын анықтау, балалармен тиімді жұмыс жасауға бағыттайды. Оқушылардың қиялшылдығымен қатар әр – нәрсеге қызығушылығы да басым болатыны белгілі. Бұл жағдай бізге өте қолайлы өйткені осы қабілеттері баланың интеллектісін, танымдылығын, баланың қоршаған дүниемен қарым – қатынасын белсенді дамытуға көмектеседі. Жаңа ұлттық үлгіден тұратын, жаңа технологияларды қамтыған ұлттық үлгідегі мектеп қана осы алға қойған мақсаттарға жеткізеді деп ойлаймын. Қорытындылай келгенде, сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз-алған білімге сын көзбен қарау, іздену, оның ақиқатын дәлелдеу, яғни, білімді саналы түрде алу. Бұл технологияның тиімділігі-оқушының құзыреттілігін арттырып ғана қоймайды, сонымен қатар

1. Жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады.
2. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнайды.
3. Оқушының өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.
4. Алған білімге сын көзбен қарау, білімді сапалы түрде алу көзделеді.
5. Оқушыны ойын ашық айта алуға, пікір айтуға, алмасуға үйретеді.
6. Бірін-бірі сыйлауға баулиды.
7. Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.
8. Оқушының шығармашылық белсенділігі артады

Қазіргі кезеңде мектеп мұғалімінің алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттің бірі – оқушыға тиянақты білім беру. Ол үшін мектеп мұғалімдері оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде тандап алады.

Жаңа технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді.

Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. Қазіргі оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған.

Соңғы жылдары сабақтарымда қолданып жүрген «Сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізеді.

Мен өз тәжірибемде көбінесе оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуіне көңіл бөлемін. Оқушы бірлесіп үйренуде кішігірім топтармен, жұппен жұмыс жасауда, ортақ проблемаларды талқылағанда жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында жаңалықтарашу барысында жұмыс істейді. Топ мүшелері өз ойларын ортаға салып және сол ойларды кесте арқылы көрсетеді. Шамалары келгенше қорғап шығуға тырысады. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды еске ұстаймын:

- сыйластық;
- жауапкершілік;
- топқа бөлгендегі әр тектілікті ұмытпау;
- топтың барлық мүшелерінің кезекпен сөйлеу дағдысын үйрету;
- тікелей сөйлеуде әлеуметтік қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
- мұғалімдердің, оқушылардың топ ішінде сөйлеуін бақылау және қажет кезде кірісіп сөйлеп кету;
- топта ұтымды жұмыс істеу.

Осындай топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі болады, шыңдалады.

Бірлесіп жұмыс жасауда қол жеткізген жетістіктер:

- оқушының ең алдымен есте сақтау қабілетінің жоғарлауы;
- бір нәрсеге үйрету мәнді түрде қызығушылығының оянуы;
- бірлесіп жұмыс жасау кезінде топ мүшелерінің ұлтына, жынысына, қабілетіне, әлеуметтік жағдайына қарамай, олардың бір-біріне дұрыс көзқараспен қарап, ойларын түсінеді.

Оқушылар жұмыс барысында бір-біріне көмектесіп, ойларын ортаға салады, ынталарына күш-қуат бере отырып, өздерінің білім алуын көтермелейді, оқуға, жазуға, тыңдауға, сөйлеуге кең мүмкіндіктер беретін ортада оқушы өз пікірлерін еркін жеткізуіне жағдайлар жасайды.

Сабақ үстінде жан-жақты сұрақ қоюда да мұғалім мүмкіндігінше барлық оқушының жауап беруін қамтамасыз етуі керек. Сұрақ қоюдың қарапайым түрлерінен терең ойлауға дейінгі түрлері бар екені белгілі. Ал мұғалімнің мақсаты – оқушының ойлау сатысын ең төменгі деңгейден

жоғарғы терең ойлау деңгейіне дейін көтеру. Осы талдаудан түйгенім оқушының білім деңгейі түсінуден басталады. Одан кейін қолдану, анализ, синтезге дейін көтеріледі.

Сын тұрғысынан ойлау технологиялары:

1. Топтастыру
2. Венн диаграммасы
3. Бес жол өлең
4. Екі жақты күнделік
5. Эссе

Егемендігін алған елімізде жаңа ғасыр алдында оқытудың жаңа жүйесі қалыптасып, ертеңгі күнге бағытталған рухани жаңартудың іргетасы қалануда. Осындай жаңалықтар оқушылардың ақыл-ойын, шығармашылығын дамыту мәселелерін шешеді. Білімнің сапасын көтереді. Көптеген оқушылар жаңа бір қырынан тани басталады. Оқу әрекеті танымдық түрлендіруші әрекетке ауысады. Талдау, салыстыру жинақтау, пікір бөлісу, топта жұмыс істеу, іздену, әр оқушының пікірін тыңдауға мүмкіндік бар, ең бастысы оқушылардың қызығушылығы-бұл терең білімге апаратын табалдырық. Тәуелсіз мемлекетімізде демократиялық қоғамды құратын, оны дамытатын бүгінгі ұрпақ дейтін болсақ, біз ұстаз қауымы оқушыны ой-өрісін дамытып, пікірін анық, ашық айтатын, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған, қазақ орыс, ағылшын тілдерін өз деңгейінде меңгерумен қатар, сандық технологияларда құзырлылық танытатын азаматын, ұлы тұлғаны қалыптастыруымызға, тәрбиелеуімізге болады деп сенемін.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Білім технологиялары №4,2011ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 бет
3. Бастауыш сыныпта оқыту №2,2010ж.
4. Бастауыш сыныпта оқыту №5,2011ж